"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616
000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН

№03-18/2206 от 14.05.2024 года

«Авто Защита» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» (*бұдан әрі - Департамент*), «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде (*бұдан әрі - Ұйымдастырушы*) ұйымдастырылған №11721432-2 «Түркістан облысының білім басқармасының «Сарыағаш ауданының білім бөлімі» ММ-не ашық конкурс тәсілімен қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алу бойынша 24.04.2024 жылғы №215730 өтінішіңізге қатысты келесіні хабарлайды.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 9-бабының 1-тармағы, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:

1) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы;

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен белгіленеді.

Заңның 9-бабының 3-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*бұдан әрі - Қағида*) 238-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші, егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды):

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі.

Мемлекеттік сатып алу веб порталында орналасқан конкурстық құжаттамаға 7-қосымша сәйкес, ұйымдастырушымен әлеуетті өнім берушілерге

келесідей материалдық және еңбек ресурстары болуы тұрғысында бірқатар біліктілік талаптары қойылған, атап айтқанда;

- 12 орындықтан кем емес шағын автобус – 3 бірлік;
- Автобус, 23 орындықтан кем емес – 8 бірлік;
- D санатты жүргізуші – 11 бірлік;

Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «Авто Защита» ЖШС конкурстық өтінімінің біліктілігі туралы мәліметтерінде *(Конкурстық құжаттамаға 10-қосымша)* конкурстық құжаттамамен талап етілген 11 бірлік еңбек ресурастарын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса отырып - *Бегимбетов Батырбек Ержигитович, Дуйсебаев ДауленАнарбаевич, Битабаров Бахтияр Мырзабаевич, Култаев Нурлан Булегенович, Назаркулов Оразбек Алпысбаевич, Орынбаев Талгат Ерболатович, Сманов Нурман Балыкович, Тунгатаров Әзімбек Серікұлы, Турсынбаев Серик Тунгатарович, Устенов Нурлан Алибаевич, Шымырбаев Сапарали Досболович* ұсынылмағандығы анықталды.

Алайда, ұсынылган Тунгатаров Әзімбек Серікұлы Шымырбаев Сапарали Досболович жұмысшыларының дәлелді құжаттарында яғни, жүргізуші куәліктерінде D санаты жоқ екендігі анықтады.

Онымен қоса, әлеуетті өнім беруші «Авто Защита» ЖШС конкурстық өтінімінің біліктілігі туралы мәліметтерінде *(Конкурстық құжаттамаға 10-қосымша)* конкурстық құжаттамамен талап етілген материалдық ресурастарын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса отырып «*Автобусы, не менее 23 посадочных мест*», «*Микроавтобусы, не менее 12 посадочных мест*» ресурстары ұсынылған, алайда растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін зерделей келе, көлік құралын тіркеу туралы куәліктерінің айрықша белгілер санатында автобустар орындықтарының саны көрсетілмеген.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «Авто Защита» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысудан шеттетілуге жататынын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, Департамент мекен-жайына 13.05.2024 жылғы №ЖТ-2024-04014512 санды Истыкулова Айнур Кошеновнаның өтініш хаты келіп түскен, аталған өтініш хатында әлеуетті өнім беруші «Казахстанская Архитектурно строительная компания» ЖШС-і арасында материалдық ресурсты жалға беру бойынша келісім-шарт бар екендігі мәлімдеген.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «Казахстанская Архитектурно строительная компания» ЖШС-нің өтініміндегі жалған ақпаратты ұсыну фактілері өз дәлелдерін таппағандығын хабарлаймыз.

ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Заңның 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **А.Мұсабек**

Исп✍: А.Адильханов
☎: 8-7253-35-76-15